

## Қаладағы қоңыр кештер

# «ҚАЙРАН ЕРЛЕР, ҚАҺАРМАН АРДАГЕРЛЕР»

байқау фестивалі аясында мерекелік кеш өтті

Куралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кеше «Қазақконцертте» Алмалы ауданы әкімі аппаратының, Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі және «Ардагерлер одағы және Алматы қаласы ІІД Шұғыл әрекет арнаулы жасағы әлеуметтік бағыттағы бөлімі қызметкерлері» АҚ-ның ұйымдастыруымен Ұлы Жеңіс мерекесінің 69 жылдығы қарсаңында қоғамдық-мәдени шара болып өтті.

Салтанатты кеш аясында «Қайран ерлер, Қаһарман ардагерлер» атты байқау фестивалі ұйымдастырылып, ол ардагерлердің өз қолынан шыққан түрлі колөнер бұйымдарының, ұлттық тағам түрлерінің және соғыс тақырыбына салған суреттерінің көрмесіне ұласты.

Мерекелік кешке Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Айнұр Бекжанова, Әлеуметтік салалар бөлімінің басшысы Бану Манапова, қазақ тілінің жанаушысы, ғалым Асылы Осман, ҚР мәдениет қайраткері Гүлшара Есетқызы, Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жаксылық Әмірханов және Алмалы, Әуезов ауданы ардагерлері қатысты.

— Республиканың Орталық ардагерлер кеңесі қаулы қабылдаған болатын. Ондағы мақсат — Жеңістің 70 жылдық мерекесіне байланысты ардагерлер арасында байқау фестивалін өткізіп, дәстүрімізді дәріптеп, өзіміздің өлең-жырларды насихаттау болды. Халыққа, әсіресе, ардагерлерге деген ерекше құрметтің белгісі ретінде оларды бір-бірімен кездестіріп, өңгіме-дүкен құрғызып,

рухани көңіл-күй сыйласақ деген ниет. Байқау ауданда, қалада және республика көлемінде өтетін үш кезеңнен тұрады. Қала бойынша басқа да аудандарда бұл шара жалғасуда. Бүгін Алмалы ауданы мен Әуезов ауданы ардагерлеріне арналып, осындай тамаша кездесу өткізіп жатырмыз. Көрмеден кейін ардагерлерге арналған концерттік бағдарламамыз бар, — деді Жаксылық Әмірханов.

Мерекелік көңіл-күй сыйлаған шаралардың тізбегі әдеби-музыкалық тақырыпта ұйымдастырылған концерттік бағдарламамен жалғасты. Ардагерлерден құралған «Отан», «Қарлығаш» хорлары өнер көрсетті, қазақтың күні күмбірлеп, сыбызғыда «Япурайды» сызылтты, өздерінің шығарған майдан тақырыбындағы өлеңдері оқылды.

Соғыс жылдарындағы әндерге залдағы көпшілік әрегідік қосылып, бірге айтып отырды. Ал «Жеңіс күні» әніне жүрттың бәрі орындарынан тұрып, құрмет көрсетіп, қол шапалақтаумен болды. Кеш соңында ұйымдастырушылар өнерлерін орта салып, белсенділік танытқан карттарға сыйлықтар табыс етті, мақтау қағаздарымен марапаттады. Концертті ұйымдастыруға атсалысқан Гүлшара Есетқызына ардагерлер атынан алғыс айты.

— Құрметті ардагерлер, тыл еңбеккерлері! Жеңіс күні мерекесі құтты болсын. Бейбіт өмір сыйлап, ұрпақ үшін, Отан үшін от кешкен сіздердің ерліктеріңіз біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Біз сіздерге мәңгілік қарыздармыз. Сіздерге мын тағзым, — деп өзінің жүрекжарды тілегін білдірген Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Айнұр Серікқызы кештің соңын қорытындылады.

Жеңіс күні қарсаңында

## ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН КӨТЕРУ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҚАБЫРҒАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінде экономика және бизнес жоғарғы мектебі факультетінің негізі 1949 жылы қаланды. Бұл факультет соңғы жылдары спорт, мәдениет және өнер саласында елеулі табыстарға жетті. Оның үстіне экономика және бизнес факультеті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің дербес бөлімшесі ретінде қызмет атқара бастаған кезден бастап студенттер, магистранттар және аспиранттармен тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізіп келеді. Бұл ретте экономика және бизнес жоғары мектебі іс-әрекетінің негізгі мақсаты — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2010 жылдың қыркүйегінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Ғылыми кеңесінің шешімімен экономика және бизнес факультеті Экономика және бизнес жоғары мектебі деп атауын өзгертті.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы э.ғ.к., доцент Б.Ж. Ермекбаева болып табылады. Бұл кісіге жұмысты ұйымдастыру бойынша оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары э.ғ.к., доцент Л.А. Бимендиева, ғылыми-зерттеу жұмысы және халықаралық байланыстар жөнінде — доцент м.ғ.д Ж.Б. Қазбекова (2013 ж. қарашасынан бүгінгі уақытқа дейін), ЭЖБЖМ әдістемелік бюросының төрағасы — э.ғ.к., доцент Г.Р. Даулиева көмектеседі.

Экономика және бизнес жоғары мектебі 4 кафедралардан тұрады: — «Экономика» — менгерушісі, э.ғ.к., доцент О.В. Бордоусов; — «Менеджмент және маркетинг» — менгерушісі, э.ғ.д., профессор К.С. Мухтарова; — «Қаржы» — менгерушісі э.ғ.к., доцент М.Ж. Арзаева; — «Есеп және аудит», э.ғ.к., доцент Б.Б. Сұлтанова.

«Қаржы» кафедрасы 2001 жылдың сәуір айында жоғары білімді халықаралық үрдіске сай мамандарды екі мамандық бойынша дайындау мақсатында құрылды: «Қаржы және несие» және «Бухгалтерлік есеп және аудит». Кафедра менгерушісі болып экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Б.Ж. Ермекбаева сайланды. Қазіргі таңда кафедра менгерушісі лауазымын М.Ж. Арзаева атқаруда.

Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы негізгі факторлардың бірі білім екендігі дау тудырмайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл қазақстандық ЖОО алдына әр азаматтың алған білімі мен біліктілігі әлемнің кез келген елінде сұранысқа ие маман болатындай білім деңгейіне жетуді міндет етіп қойды. Сондай білікті мамандардың жетіспеуінен қазіргі дағдарыс кейбір салаларды шетінен күйзеліске ұшыратты. Осы орайда қайсыбір салалар бойынша мамандар тұрмақ сол саланың негізгі базасы жетіспейді немесе тіптен жоқ десе де болады. Осыған байланысты Елбасы үнемі нанотехнологиялық орталықтар мен зерттеу институттарын қалай болғанда да дамыту керектігін айтып жүр.

Қазіргі дамыған елдердің сонына түсіп жүре берсек, оларды қуып жете алмаймыз. Сондықтан олармен бірге жүру үшін нанотехнология саласын дамыту керек.

Дина БЕСБАЕВА,  
Айгүл БЕКЕЙ,  
Бағдат ЕСЖАНОВА,  
Мәдина ЖАҒАПАРҚЫЗЫ,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің экономика және бизнес жоғары мектебінің 4-курс студенттері.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ КЕМЕЛІН ЕСКЕ ТҮСІРДІ

Ардақ НҮРҒАЗЫҰЛЫ

Қазақстан Жазушылар одағының «Әдебиетшілер үйінде» қазақтың көрнекті жазушысы, детектив жанрының қас шебері Кемел Тоқаевтың 90 жылдығына орай әдеби-сазды кеш өтті. Кешті Қазақстан Жазушылар одағы төралқасының төрағасы, сенатор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, акын Нұрлан Оразалин «Қаламының желі бар қарапайым кара бала қараша қазағына тосын — детектив жанрын әкеліп, осынау тың бағытты жоғары деңгейге шығарды. Және сол биіктен ешбір аласармай, жазушылық ісіне көлеңке түсірмей, жауапкершілік жүгін абыроймен көтеріп, өскелең ұрпаққа шынайы шеберлік үлгісін көрсетті», — деген ой түйіндеп, ашты. Жазушының көзін көрген замандас жолдастары, әдебиеттегі тетелес інілері мен зиялы қауым қатысқан кеште Н.Мырқасымұлы жазушының ұлы, Қазақстан Республикасы Сенатының төрағасы Қасым - Жомарт Тоқаевтың жүрекжарды лебізін жеткізді. Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Төлеубек Мұқашев жазушының тоқсан жылдығына орай құттықтап, лебіз білдірді. Белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеев жазушы шығармашылығы мен адами болмысы туралы баяндама жасады.

Кемел Тоқаев 1923 жылдың қазан айының 2-жұлдызында бүгінгі Алматы облысының Қаратал ауданына қарасты Көлпе ауылында дүниеге келген. Жиырмаға толар-толмас шағында Ұлы Отан соғысына аттанып, 226-атқыштар дивизиясында, кейінірек 7- гвардиялық танк полкінің құрамында Сталинград,

Польша, Украина жерлерін азат етуге қатысқан. Отан қорғауда көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін Ұлы Отан соғысының І және ІІ дәрежелі ордендерімен, екі мәрте «Ерлігі үшін» медалімен және басқа да көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, КСРО Ішкі істер министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Кемел Тоқаев 1948 жылы жоғары оқу орнына түсіп, бітірген соң «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Социалистік



Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттері редакцияларында жауапты қызметтер атқарған. «Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?», «Сиқырлы сырлар» пьесаларының, «Қыс қарлығаштары», «Болашақ туралы ойлар», «Түнде атылған оқ» повестері мен «Ұясынан безген құс», «Соңғы сокқы», «Солдат соғысқа кетті» іспетті басқа да романдары қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты.

Кеш барысында белгілі каламгерлер — Бексұлтан Нұржекеұлы мен Ахметжан Ашири жазушы туралы естеліктерін айтты. Сондай-ақ, акындар Сейфолла Оспан, Рафаэль Ниязбеков, Шөмішбай Сариев арнау өлеңдерін оқыды.

— *Озғандарға жүгірдің  
жүлде беріп,  
Сен бар жерде қалатын  
ірге кеңіп.  
Азаматтың бірі едің,  
Кемел аға,  
Арыстандар қасына  
жүрген еріп.  
Кеудесінде көк бөрі  
ұлып жатқан,  
Ерге ғана қазақтың  
мұңы батқан.  
Жетісудың сен едің ойлы өзені,*

Қанша дауыл сокса да тұнып аққан, — деген Р.Ниязбековтің жүрекжарды жыры жазушы бейнесін жұрт санасында жаңғыртты.

Оқырманға Кемел Тоқаев жазушылығымен қатар, Қазақстанның белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қасым - Жомарт Тоқаевтың әкесі ретінде таныс. Өз сөзінде жазушы Қоғабай Сәрсекеев сонау өткен ғасырдың 70-жылдарында Мәскеуге оқуға аттанып бара жатқан ұлына жазушының Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын қолына ұстатып, айтқан әкелік тәлімін еске салды. «Жаксы әке балаға сыншы» деген сөз бар. Қасым - Жомарт Тоқаев мырза әкесі туралы жазған «Әке туралы толғау» кітабында өзінің бар болмысына әкесінің зор ықпал еткенін жаза келіп, Отан деген ұғымның қасиетін, азамат үшін оған қызмет етудің айнымас борыш екенін айтқан тұсы оқырманын қатты тебірендетті.

Жазушының мерейтой кешіне орай Қазақстан жазушылары кітапханасының директоры Елена Ағайса ханымның ұйымдастыруымен жазушының бұған дейін жарық көрген кітаптарының көрмесі өтті. Жазушының алғашқы кітаптары өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында жарық көрген. Соңғы жылдары 5 томдық шығармалар жинағы оқырман қолына тиді. Майдандас достары, әдебиеттегі жолдастары Қасым Қайсенов, Әзілхан Нұршайықов, Серік Қирабаев, Өтеген Күмісбаев, Кабдеш Жұмаділов, т.б. белгілі тұлғалар жазушы туралы эссе-естеліктер жазған.

Кешті Құрманғазы атындағы Ұлт аспаптар оркестрі күймен көмкеріп, Қазақстанның Халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов, Талғат Күзембаев, Рамазан Стамғазиев, Бағдат Сәмединова өуелеген әнімен әрледі.